

**Астана қаласы әкімдігінің  
«Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МҚК  
Мектепішілік ата-аналар жиналышсының  
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

9 қыркүйек 2023 жыл

## Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оку жылындағы оку үдерісінің ерекшеліктері. Жаупты: директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Мухтарбекова Б.С; Жукешбаева Ж.У
  2. Біртұтас тәрбие бағдарламасының ерекшелігін түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Жаупты: директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бейсекова Т.Б
  3. Отбасы құндылығы – ұлт қазынасы. Спикер: Қамқоршылық кенес мүшесі, ата-ана Сарыбаев Фалиасқар Төлендіұлы

Мектеп директоры Омарова Нұржамал Тұрсынбайқызы ата-аналарды жалпы мектепшілік ата-аналар жиналышының өту барысымен таныстырып өтті.

## Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Мұхтарбекова Бақытжан Советқызы ата-аналарға 2023-2024 оку жылындағы оку үдерісінің ерекшеліктерімен таныстырырды. 101 сыныптың сынып жетекшілерімен таныстырырды. 1 ауысымда 1,3,5,7,8,9,10,11 сыныптар, 2 ауысымда 2,4,6,7 сыныптар оқытындығын хабарлады. Окушыларды мектепке уақытында келу керектігін және окушылардың білім деңгейін ата-аналар тарарапынан үнемі қадағалау керектігін ескертті. Жаңа оку жылындағы оку үдерісінің ерекшеліктерімен таныстырырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Бейсекова Толқын Батыrbайқызы жиналысқа қатысушы ата-аналарды оку жылының басталуымен құттықтап, Біртұтас тәрбие бағдарламасының ерекшелігімен таныстырыды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық құндылыққа негізделген. Ұлттық код, ұлттық менталитетімізді ескере отырып, тал бесіктен бастап әр баланың ішкі құндылығын ескеру. Ар ұят, намыс қағидасын ұрпақ бойына ата күшімен ана сүтімен сіңіру, «намысты ұл - инабатты қыз, ұлkenge құрмет, кішіге ізет» көрсете алатында тәрбие тәлімін «ұят болады, жаман болады, обал болады» секілді қарапайым тыйымды тәрбиемен ұштастыру керектігін жеткізді. Сонымен катар ата-аналарға 1 қыркүйек Білім күніне орай өткізілетін іс-шаралар туралы хабарлады. Ал 2-11 сыныптар үшін сыныптың ішінде «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыптарында сынып сағаттары 2 сыныптар үшін сағат 11.00-де 3 сыныптар үшін 11.30.-да, 4 сынып үшін 12.00.-де 5-7 сыныптар үшін сағат 11.00.-де, 8-11 сыныптар үшін 12.30.-да өткізілетінің айтып өтті. Сондай-ақ биылғы оку жылында окушыларға мектеп формасы толық сақталатынын, алайда форманы ала алмаған жағдайда классикалық

үлгіде болатынын айтып өтіп, ата-аналарды мектептің ішкі тәртіл ережесімен тарыстырып өтті. Окушының сабакқа қатысуын қамтамасыз етуге, себепсіз сабактан қалдырмауға ата-ана міндettі екендігін Білім заңының 49-бабына сәйкес айтып өтті. Жалпыға бірдей мектеп формасымен қамтамасыз етуге міндettі екендігін 2016 жылғы 14 қантардағы КР БжFM №26 бұйрығына сәйкес ендігін ескертті. Жоғалған бағалы затқа мектеп ұжымы жауап бермейтінде тілге тиек етті. Окушы 21.00-ден кейін ата-ананың қарауынсыз көшеде журуіне тыым салынатынын айтып өтті. (Білім беру Заңының 6-тарау 48-бабына сәйкес) Ұйымдастырылған ата-аналар жиналысына ата-аналардың қатысуға міндettі екендігін және мектептің мүлкін бұлдірген жағдайда ата-ана тікелей жауап беретінін айтып өтті. Окушылардың мектеп формасын қатаң сақтау, мектеп формасына аксессуарлар мен діни атрибуттар қоспау (2016 жылғы 14 қантардағы КРБжFM №26 бұйрығы) керектігін, оку-тәрбие үдерісінде туындаған мәселелерді сынып жетекшіні ақпараттандыру керектігін, сабак уақытында ұялы телефонды жеке мақсатта (Instagram, Facebook, WhatsApp, Вконтакте әлеуметтік желілерде) колдануға тыым салынатынын, жеке бас гигиенасын қатаң сақтау (бетперде, антисептик) керектігін айтып өтіп, ата-аналарды биылғы 2023-2024 оку жылындағы тәрбие бағыты бойынша жүргізілетін жобалар бойынша таныстырып өтті.

Сонымен қатар ата-аналарды қауіпсіздік ержелерімен таныстыруды. Окушылардың денсаулығының қалыпты жағдайда сақталуын және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы нұсқаулықпен таныстыруды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Қамкоршылық кенес мүшесі, мектеп ата-аналары КР Парламенті Сенат депутаты Сарыбаев Фалиаскар Төлендіұлы және КР Парламенті Мәжіліс депутаты Керімбек Болат Бақбергенұлы ата-аналарға тағылымға толы құнды ақпараттармен бөлісті. “Ұлттық код”, “бала тәрбиесіндегі ана мен әкениң рөлі”, “кәсіптік бағдар беру” “бала тәрбиесіндегі олқылықтарды жену жолдары”, “менің тәжірибем”, “отбасы құндылығын нығайту”, “тәрбиедегі шекіздік”, “сынып ішіндегі мәселелер” т.б тақырыптарда сөз қозғап, бала тәрбиесіндегі өз тәжірибелерімен бөлісті.

#### Шешімі:

1. 2022-2023 оку жылындағы оку үдерісінің ерекшеліктері ата-аналар тарапынан назарға алынын;
2. Қауіпсіздік ержелерін сақтау, таныстырылған мектептің ішкі тәртіл ережесі, оның ішінде мектеп формасын сақтау, сабакқа кешікпеу бойынша айтылған ескертулер ата-аналар тарапынан назарға алынын;
3. Отбасы құндылығы кеңінен насиҳатталып, әр отбасыда іске асырылсын.

Мектеп директоры  
Хатшы:



Н.Омарова  
Абилова А.О